

## Аққулы ауданы Шақа ауылдық округінің Шақа ауылындағы кейбір көшелерін қайта атау туралы

Павлодар облысы Аққулы ауданы Шақа ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 5 қыркүйектегі № 1-17/03 шешімі

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына сәйкес, Шақа ауылдық округі Шақа ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және 2023 жылғы 30 мамырдағы облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Шақа ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Шақа ауылдық округінің Шақа ауылындағы келесі көшелері:
  - "Юбилейная" көшесі "Ыбырай Алтынсарин" көшесі;
  - "Клубная" көшесі "Ләззат Асанова" көшесі;
  - "Титова" көшесі "Мәншүк Мәметова" көшесі;
  - "Заводская" көшесі "Әлия Молдағұлова" көшесі;
  - "Лесная" көшесі "Жұмабек Тәшенов" көшесі;
  - "Центральная" көшесі "Абай" көшесі болып қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аққулы ауданы Шақа ауылдық округінің әкімі*

*М. Мурсалимов*